

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, II

БҰҰ Халықаралық Соты





Құқықтың қайнар көзі

Халықаралық сот өз қызметінде халықаралық құқықтың 38-бапта аталған нормаларын, яғни шарттарды, әдет-ғұрып нормаларын, құқықтың негізгі қағидаттарын қолданады. Дегенмен сот істі *ex aequo et bono* жолымен, яғни тараптардың өзара келісімі арқылы әділдік пен теңдік нормаларына сүйене отырып та шеше алады. М. Шоудың айтуынша, бұған дейін бұл әдіс іс жүзінде қолданылмаған. Бірақ бұл соттың дауды халықаралық құқықтағы теңдік пен әділдік қағидатына күмән келтіру емес.

Халықаралық құқықтың кемшіліктері туралы мәселе *Advisory Opinion concerning The Legality of the Threat or Use of Nuclear Weapons* (яғни Ядролық қарумен қауіп-қатер төндіру және оны қолданудың заңдылығы туралы) консультативтік қорытындысына қатысты істе талқыланды. Халықаралық соттың Кеңестік пікірі міндеттеуші күшке ие болмаса да бәрібір қандай да мәселе бойынша кеңестік пікір бере алмай қалған кезінің де өзіндік әсері болатыны белгілі. Бұл істе сот «мемлекеттің өміріне қауіп төніп тұрған кезде ядролық қаруды қорғаныс мақсатында қолданудың нақты қай кезі заңды, ал нақты қай кезі заңсыз болып танылатынын» анықтап айта алмаған. Мұндай белгісіздік немесе дүдәлмалдық белгілі бір деңгейде алаңдатушылық тудырады.

Дәлелдер

Мемлекеттік соттардай емес, Халықаралық сот дәлелге біршама икемді болып келеді деп жазады М. Шоу. Басқаша айтқанда, Халықаралық сот дәлелге ішкі құқықтағыдай қатал ереже ұстанбайды. Халықаралық сот, атап айтқанда, халықаралық міндеттеменің бұзылғанын көрсететін кез келген фактіні анықтауға құқылы. Дәлелге жан-жақты қарап, кез келген құжатты шығарған қызметкерді сотқа шақыра алады, сол құжатқа түсініктеме беруді талап етеді, кез келген уақытта дәлелді тексеру үшін комиссия құра алады немесе сараптама тағайындайды. Оқиға орнына бара алады. Дегенмен ешкімді дәлел келтіруге мәжбүрлей алмайды, куәларды сотқа мәжбүрлеп шақырмайды, Сотқа құрмет көрсетпегені үшін жазалай алмайды. Сарапшыларға сирек жүгінеді, куәларды шақыру да жиі бола бермейді. Агенттерден құжаттар сирек сұратылып, түсініктеме сирек талап етіледі. М. Шоудың айтуынша, бүгінге дейін тек екі-ақ рет оқиға орнын арнайы барып тексерген. Осының бәрі соттың дәлелдерді, ең алдымен, тараптар ұсынған құжаттардың негізінде бағалайтынын, сондай-ақ тараптардың мүддесі мен наразылығы сияқты құқықтық тәсілдер арқылы да бағалайтынын көрсетеді. Мысалы, сот үкімет пен әскери қызметкерлер берген мәліметтерге зор сенім білдіреді, ал аффидавит түріндегі куәлік беретін, яғни жазбаша ант ете отырып берілетін куәліктерге аса сақтықпен қарайды. Ондай аффидавитті бағалау кезінде бірнеше факторға жүгіну керек, «осы аффидавитті мемлекеттің лауазымды тұлғасы берді ме, әлде сот процесінің нәтижесіне бейтарап қарайтын жеке тұлға берді ме, аффидавитте нақты мәліметтер бар ма?» деген мәселеге баса назар аударады. Дегенмен оқиғаның барысына, оқиға болған кезеңге қатысты берілетін дәлелдің құны жоғары болады. Сонымен бірге мемлекеттің шегара сызығы туралы үкіметтің лауазымды тұлғасы берген куәлік жеке тұлғаның осындай мәселеге қатысты куәлігінен құндырақ болатыны анық.

Сот фактілерге өз анықтамасын береді, сосын келтірілген фактілерге қатысты халықаралық құқық нормасын қолданады. Сот фактілер туралы қорытынды жасау үшін сот дәлелдерге баға беруге міндетті, яғни сол дәлелдердің іске қаншалықты қатысы барлығын, дәлел ретіндегі құны қаншалықты екенін анықтайды. Оның үстіне Халықаралық сот тараптар ұсынған дәлелдердің құны, шынайылығы, сенімділігі туралы қорытынды бағаны өзі береді. Халықаралық сот қоғамға мәлім болған, соның ішінде баспасөз арқылы таралған мәліметтер әртүрлі қайнар көздерден алынған болса, ондай деректерді аса сақтықпен екішеп, міндетті түрде ескереді.

Соттың қарауына істі берген кезде талапкер барлық ақпаратты тапсырады. Дәлелдеу ауыртпалығы белгілі бір фактіні дәлелдеуге тырысатын тарапта болады. Бірақ бұл абсолютті принцип емес. Кей жағдайларда талапкерден теріс фактілі дәлелдерді талап етуге тыйым



салынады. Бірақ бұл қарсы тарапты «осы мәселені шешу үшін сотқа қолында бар дәлелдерді ұсыну» арқылы сот талаптарын орындау міндетінен айырмайды.

Сот регламентіне сәйкес, қандай да бір іске тараптардың біреуі ретінде қатысушы мемлекет сот құрамында өз азаматы болмаса, осы іске уақытша судья немесе ad hoc судья тағайындау туралы ұсыныс жасай алады. Бұл тараптардың міндетінен гөрі құқығы десек болады. Судья осы елдің азаматы болуы міндетті емес. Жалпы тәжірибеде ad hoc судьяға осы елдің азаматы емес адам тағайындалады. Ad hoc судья Халықаралық соттың басқа ресми мүшелері сияқты өз міндетіне кіріспес бұрын шешім қабылдаған кезде әділ болатынын салтанатты түрде мәлімдейді. Оған шешім қабылдау процесіне қатысуға құқық беріледі. Атқарған ісіне лайықты сыйақысын алады. Сот процесі кезінде ad hoc судьялар осы Халықаралық сот қызметінің негізгі қағидаттарының бірі – тараптардың теңдігі қағидатынынан ауытқымауы керек.

Уақытша шаралар

Халықаралық сот, статуттың 41-бабына сәйкес, тараптардың құқықтарын сақтау үшін қажет деп тапса, уақытша шара қолдануға құқылы. Уақытша шара қабылдау мәселесін шешу кезінде сот, алдымен, бұл іс өзінің юрисдикциясына жататынын анықтап алуға тиіс. Халықаралық соттың юрисдикциясы дәл осы істі қарауға қатысты prima facie екенін мәлім болса, уақытша шара қолдану арқылы қорғануды өтінген мәселенің сипаты, құқықтардың мөлшерін анықтаудың мәні болмай қалады.

Ол тек сот іске юрисдикциясын анықтағаннан кейін қарастырылады. Сот халықаралық міндеттемелер мәселесі бойынша тараптардың қайсысы өтініш білдіріп отырғанына қарамастан, «дауды одан әрі ушықтырмау үшін», қажет болса уақытша шаралар, ұсыныстар мен мәлімдемелер қабылдауы мүмкін. Cameroon v. Nigeria ісінде сот тек тараптардың құқықтарына ғана сүйенбей, сондай-ақ олардың өзара келісімінде аталған соғысты тоқтату, БҰҰ миссиясымен ынтымақтасу сияқты нормалардың толық орындалуын қамтамасыз ету үшін де уақытша шара қолданған. Тараптардың құқығынан бөлек, сот бұл істе даулы болып отырған аумақтағы тұрғындарды қорғау қажеттігіне де назар аударды. Істің мән-жайы бойынша белгілі бір шешім шығармастан бұрын уақытша шара қолдану міндетті екенін бірауыздан қолдаудың әсері зор. Алайда кейбір сирек жағдайларда сот соңғы шешім шығарарда уақытша шара қолдану туралы қаулының сақталмағанын айтты. Уақытша шара қолдану міндетті қағидат ретінде бекітілген, іс жүзінде ойдағыдай орындалмай келеді.

Істерді біріктіру

Статуттың 48-бабына сәйкес, Халықаралық сот ортақ мәселе бойынша қаралатын істерді біріктіруге құқылы. Бірақ ондай жағдай сирек кездеседі. Ендеше сот істерді біріктіріп қараған жағдайларға мұқият зер салайық.

Халықаралық сот Никарагуаның шегара аймағындағы әрекеттері туралы Коста-Риканың шағымына және Никарагуаның Коста-Рикаға қарсы Сан-Хуан өзенінің бойындағы жол салу құрылысына қатысты істерді біріктірді. Сот регламентінің 47-бабына сәйкес, «істерді қарауға ыңғайлы болуы үшін сот кез келген уақытта екі немесе одан да көп істі біріктіруге құқылы». Кез келген мұндай шешім әр істің айрықша мән-жайын ескере отырып қабылдануы тиіс. Бұл орайда біріктірілетін істердің біріне қатысушы тараптар екіншісіне де нақ сол құрамда қатысып, осы істерде қаралатын мәселелер ортақ болуы тиіс. Осы талап тұрғысынан қарағанда, жоғарыда аталған істердің екеуі де өзен жағалауындағы құрылысқа байланысты және сол құрылыстың өзен бойындағы қоршаған ортаға және кемелердің өзенде жүзуіне тигізетін әсері туралы болатын. Сот істерді біріктіру, соттың өзара байланысты мәселелерді біріктіріп қарауына мүмкіндік береді деп мәлімдеді.



Қарсы шағым

Халықаралық соттың түсіндіруінше, тараптар сотта қаралып жатқан басты мәселеге қосымша сол мәселеден тікелей туындайтын талап қоя алады. Сот регламенті бойынша берілген қарсы шағым соттың юрисдикциясына жататын болуы тиіс, яғни «басқа тараптың шағымымен тікелей байланысты болуы керек». Негізгі шағыммен байланысы болғанмен, қарсы шағым дегеніміз – жеке шағым немесе «дербес құқықтық құжат». Ол негізгі шағымның мәні бойынша қорғаудың аясынан шығады, бірақ тараптар мойындаған соттың юрисдикциясынан тыс сот шағымдарын қамтуға тиісті емес. Сот регламентінде тікелей байланыстың мағынасы анықталмаған. Бұл мәселені сот өз бетінше анықтайды. Сот бұл орайда «шағымдардың арасында фактілік тұрғыдан да, құқықтық тұрғыдан да байланыс болуға тиіс» деген.

Oil Platforms (Iran v. USA) ісінде Сот тараптар қарсы шағымды әуелі жарамды деп мойындаса да, істі қарау барысында қайтадан талқылауға құқылы деп шешім шығарды. Себебі бастапқы қарау барысында қарсы шағым сот регламентінің 80-бабына қаншалықты сәйкес келетіні, яғни негізгі шағыммен қаншалықты байланысы бар екені ғана қаралады. Демек, істі қарау барысында қарсы шағым регламенті 80-бабының қамту аясына ілікпей қалуы мүмкін.

Certain Activities (Costa Rica v. Nicaragua) and Construction of a Road (Nicaragua v. Costa Rica) біріккен ісінде сот 80 (1)-баптың негізінде екі басты талап жатқанына назар аудартты: Біріншіден, қарсы шағым соттың юрисдикциясына сай келуі тиіс. Екіншіден, қарсы тарап ұсынған шағымдағы мәселемен тікелей байланысты болуы тиіс. Қарсы шағымның жарамдылығы осы талаптарға байланысты. Соттың пікірінше, қарсы шағымның «жарамдылығы» дегенді юрисдикция талаптарына сай келуі және басты мәселемен тікелей байланысты болуы деп түсінген жөн.

Үшінші тараптың араласуы

Халықаралық сотта қаралып жатқан іске үшінші тараптың араласуға құқығы жоқ немесе соттың өзі үшінші тарапты сотқа қатыстыруға құқығы жоқ. Дегенмен Халықаралық сот статутына сәйкес, сот шешімі әсер етуі мүмкін құқықтық сипаттағы мүддесі бар болса, кез келген мемлекет сотқа араласуға, қатысуға өтініш жолдай алады. Дау көпжақты конвенция туралы болса, ол жерде дауға қатысушы тараптардан басқа қатысушылар да бар екені мәлім. Ондай жағдайда сот хатшысы барлық қатысушы-мемлекеттерге дереу хабарлама жібереді. Осылайша, хабарлама алған әр мемлекет сот процесіне араласа алады. Сот осы жолмен үшінші тарапты немесе мемлекетті іске қатыстыруы мүмкін, бірақ әдетте сотқа олардың жөнсіз араласуына жол бермеуге тырысады.

Тағы бір айта кетерлік жайт, үшінші мемлекеттің іске араласуына сотқа қатысушы тараптардың екеуі де қарсылық білдіргеніне қарамастан, рұқсатты соттың өзі береді. Үшінші тараптың араласудағы мақсаты іске қатысушы тараптардың бірінің орнын алмастыру емес, өз құқығын қорғау екені нақты да анық шешім. Тараптардың орнын алмастыру тек тараптардың келісімі арқылы жүзеге асырылады. Демек, үшінші мемлекеттің іске араласуы оны іске қатысушы тараптардың бірі ете алмайтынын айта кеткен жөн. М. Шоудың пікірінше, Сот үшінші тараптың іске араласуына жоғары талап қойып отыр. Nuclear Tests ісінде Францияның және Жаңа Зеландия мен Австралияның арасындағы дауға Фиджи мемлекеті де араласқысы келген. Бірақ сот Фиджидің өтінішін қабылдамай, араласу туралы өтінішінде келтірген дәйектері даулы екенін, бұл іске Фиджидің араласуына болмайтынын айтқан. Ал, Tunisia/Libya арасындағы ContinentalShelf (Құрлық қайраңы) ісіне араласпақ болған. Бірақ сот Мальтаның бұл іске қатысу мақсаты түсініксіз, өйткені Тунис пен Ливияның арасындағы іс Мальтаның құқықтық мүддесіне еш қатысы жоқ деп мәлімдеді. Мальтаның бұл істе өз мүддесі болса да, Халықаралық сот 62-бапқа сәйкес іске араласу үшін Мальтаның мүддесі сот шешіміне әсер ететіндей құқықтық сипатта болуы керек деп көрсетті.



Құқық қорғау құралдары

Негізінен, талапкер жауапкердің халықаралық құқықты бұзғаны туралы шешім шығаруына ықпал етеді. Ондай шешім жауапкердің осыған дейінгі әрекеті туралы болса да, келешектегі әрекетіне ықпал етуі мүмкін. Талапкердің шағымында жауапкердің келтірген зияны үшін өтемеақы төлеуі, соның ішінде материалдық емес құқық бұзушылығы үшін де өтемеақы төлеуі талап етілуі мүмкін. Ондай талап тікелей мемлекетке тигізген зияны үшін ғана емес, сондай-ақ мемлекеттің азаматтары мен мүліктеріне келтірген зияны үшін де қойылуы ықтимал. Мысалы, Сот Corfu Channel ісінде, сосын Diallo ісінде дәл осындай айыбы үшін ақшалай өтемеақы төлеу туралы шешім шығарды. Сондай-ақ сот тиісті халықаралық құқық нормасына түсініктеме беру арқылы кейде мемлекеттің құқығымен қатар, жеке тұлғаның да құқығына тоқталуы мүмкін. Ондай құқықтар бұзылса, бұл мемлекетке сол талапкердің атынан өтемеақы талап етуге мүмкіндік береді.

Сот шешімін орындау

Статуттың 60-бабында айтылғандай, сот шешімі ақырғы кесім болып табылады және оған шағымдануға болмайды. Бірақ міндетті күші де жоқ. Сот шешімінің 59-бапқа сәйкес тек осы нақты іске және тараптарға қана міндетті күші болса да, ондай шешімдер кейін халықаралық құқықтың жаңа нормаларының эволюциясына едәуір ықпал етеді. Халықаралық сот өз шешімінің орындалуын қадағаламайды. Соттың пікірінше, мемлекеттің ендігі қарекеті сотта анықталған соң, оның орындалуын бақылау сот қызметінің аясына кірмейді.

БҰҰ Жарғысының 94-бабына сәйкес, әр мемлекет соттың өзіне қатысты шығарған шешімін бұлжытпай сақтауға міндетті. Егер сақтамаса екінші тарап Қауіпсіздік Кеңесіне осы мәселені реттеуші немесе міндеттеуші күші бар шешім шығаруға өтініш білдіре алады. Сот шешімін орындамаудың саяси кемшіліктерін барлық мемлекеттер ескеруі тиіс.

Соттың кеңес беру юрисдикциясы

Халықаралық сот тараптардың арасындағы дауды шешумен қатар, кеңес-пікір бере алады. Халықаралық сот БҰҰ Жарғысына сәйкес, кез келген органның өтініші бойынша кез келген құқықтық мәселе туралы және ондай өтініштерді қараусыз қалдырмау үшін кеңес-пікір береді. Ал Жарғының 96-бабында Бас Ассамблея мен Қауіпсіздік Кеңесі, БҰҰ-ның басқа да органдары мен мамандандырылған агенттіктері ондай кеңес-пікірді өз қызметтеріне байланысты туындаған құқықтық мәселелер бойынша сұрай алады делінген.

Даулы істермен салыстырғанда соттың кеңес беру юрисдикциясы дауды реттеуді мақсат етпейді, керісінше көмек сұраған органдар мен мекемелерге заңдық кеңес ұсынады. Мысалы, Ядролық қаруы бар мемлекеттердің қарулы қақтығыстарда ядролық қару қолдануының заңдылығы туралы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының сұрағына берген кеңес-пікірінде Халықаралық сот бұл салада өзінің юрисдикциясы болуы үшін үш түрлі талап қойылатынын айтқан: біріншіден, Халықаралық соттың кеңес-пікірін сұрау үшін маманданған агенттік Бас Ассамблеядан рұқсат алуы керек; екіншіден, сұралған кеңес-пікір құқықтық мәселеге байланысты болуға тиіс; үшіншіден, кеңес-пікір қамтитын мәселе сол агенттіктің қызметі барысында туындаған болуы қажет.

Соттар мен трибуналдар санының артуы

Халықаралық және аймақтық деңгейдегі сот органдары санының артуы соңғы онжылдыққа тән құбылыс. Бұл халықаралық құқықтың қолданылу деңгейі мен көлемі ұлғайғанын, дауларды бейтарап үшінші тараптың шешуі көбейгенін көрсетеді. Ендігі жерде дауларды үшінші тарап



шешетін халықаралық практиканы халықаралық ынтымақтастың артуы мен дауларды шешудің тиімді жолы ретінде мойындай беруге болады. Бұл практиканың халықаралық құқықтың дамуы үшін маңызы зор екені анық. Өйткені сот процестері мен шешімдері құқықтық нормалардың дамуы, құқықтық институттардың құрылуымен қатар дамып келеді. Қазіргі кезде соттар мен трибуналдар бір-бірінің шешіміне жиі сілтеме жасайды. Халықаралық құқықтың шарттарды түсіндіру қағидаты сияқты кейбір мәселелері бірқатар соттар мен трибуналдарда тұрақты түрде талқыланып тұрады. Сот шешімдері назарға алынады.

Халықаралық соттың Біріккен Ұлттар Ұйымының басты сот органы әрі белгілі халықаралық форум ретіндегі мәртебесін ескеріп, басқа соттар мен трибуналдарға кеңес беру үшін консультативтік рөлін кеңейту туралы ұсыныстар айтылды. Оның қаншалықты орындалатынын айту қиын. Бірақ қазіргі кезде Халықаралық сот басқа соттармен, трибуналдардан тығыз қарым-қатынас жасау арқасында бір-бірінің жұмысынан жақсы хабардар.

Сұрақтар

1. Халықаралық соттағы тараптар келтірген дәлелдемелер қалай бағаланады?
2. Үшінші тараптардың іске араласуы қандай жағдайларда жүзеге асырылады?
3. Халықаралық сот қабылдайтын уақытша қамтамасыз ету шаралары қаншалықты тиімді?

Әдебиет

1. R. Kolb, *The International Court of Justice*, Oxford, 2013.
2. *Rosenne's Law and Practice of the International Court, 1920–2015* (ed. M. N. Shaw), 5th edn, The Hague, 4 vols., 2016.
3. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М., *Международное право. Общая и особенная части: Учебник*. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. Тема 16.
4. Құлжабаева Ж.О., *Международное публичное право. Общая и особенная части*. Алматы: Юридическая литература, 2006. Глава 6.